

## Концессияға берілуі мүмкін объектілердің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу үшін іріктелген ұсыныстардың тізілімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 қарашадағы N 1005 Қаулысы.

"Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған концессияға берілуі мүмкін объектілердің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу үшін іріктелген ұсыныстардың тізілімі бекітілсін.

2. "Орта мерзімді кезеңге арналған (2007 - 2009 жылдарға арналған) концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қарашадағы N 1127 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 42, 471-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген орта мерзімді кезеңге арналған (2007-2009 жылдарға арналған) концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесінде:

реттік нөмірі 18-жол алып тасталсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2008 жылғы 3 қарашадағы  
N 1005 қаулысымен  
бекітілген

## Концессияға берілуі мүмкін объектілердің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу үшін іріктелген ұсыныстардың тізілімі

**Ескерту. Тізілімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.04.16 N 526, 2010.02.26 № 137 Қаулыларымен.**

Р /с N	Атауы	Тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органдары және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары
1	"Алматы - Өскемен" автомобиль жолының "Алматы - Қапшағай" учаскесін салу (қайта жаңарту) және пайдалану	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

2	"Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы Алматы" автомобиль жолының "Астана - Қарағанды" учаскесін қайта жаңарту және пайдалану	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
3	"Үлкен Алматылық орамды автомобиль жолы" (ҰАОАЖ) автомобиль жолын салу және пайдалану	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
4	"Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) - Қырғызстан Республикасының шекарасына кіреберістермен Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы Шымкент - Тараз - Қорғас" автомобиль жолының "Алматы - Қорғас" учаскесін қайта жаңарту және пайдалану	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
5	Астана қаласының жаңа көлік жүйесі	Астана қаласының әкімдігі
6	"Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) - Шымкент - Тараз - Алматы - Қырғызстан Республикасының шекарасына кіреберістермен бірге Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы Қорғасқа" автомобиль жолының "Ташкент - Шымкент - Жамбыл облысының шекарасы" учаскесін қайта жаңарту	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
7	"Зияткерлік-көлік жүйесін (ЗКЖ) енгізу және Көкшетау қаласы арқылы Астана - Петропавл автомобиль жолының "Астана - Щучье" учаскесін пайдалану	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
8	Маңғыстау облысының Ақтау қаласында автовокзал салу және пайдалану	Маңғыстау облысының әкімдігі
9	Маңғыстау облысының Маңғышлақ (Тамақ) станциясында темір жол вокзалын салу және пайдалану	Маңғыстау облысының әкімдігі